ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2025 жылғы 17 қаңтар Іс №7119-24-00-2/16916 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:

«Хаметова» (Хаметова Мақпал Қуанышқызы) жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;
2) өсімпұл сомасын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Хаметова» (Хаметова Мақпал Қуанышқызы) жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Хаметова» (Хаметова Мақпал Қуанышқызы) жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Бертыбаева С. Т., 17.01.2025
Дата вступления в законную силу: 25.02.2025, судья Бертыбаева С. Т., 25.02.2025
7119-24-3-1/16578

«Хаметова» (Хаметова Мақпал Қуанышқызы) жеке кәсіпкерінен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 25 440 (жиырма бес мың төрт жүз қырық) теңге өсімпұл сомасы, 763 (жеті жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Документ подписан: Бертыбаева С. Т., 17.01.2025

Дата вступления в законную силу: 25.02.2025, судья Бертыбаева С. Т., 25.02.2025

7119-24-3-1/16578